

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Себебі инновациялық технологияларды қолдана отырып, біз оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, өз бетінше жұмыс істей алатын болады, білім сапасы артады, компьютерде жұмыс істеу сауаттылығын арттыра аламыз.

Мысалы, мен 20 мектепте практика өттім. Практика барысында оқушылардың қызығушылықтарын ояту үшін сынып сағаты мен ашық сабақтарды презентация түрінде интерактивті тақтада өткіздім. Сынып сағатын өткізу барысында оқушылар тақтадан ұяшықтар таңдап, сол сұрақтарға жауап беріп отырды. Жалпы алғанда, 20 мектеп қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Келер ұрпақ білімді болу үшін барлық жағдай жасалған. Сол себепті біз мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп, оқушылардың қызығушылықтарын, техникалық сауаттылықтарын дамытып, арттыруымыз керек.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден – бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Қазіргі заман талабына сай оқу – құралдарын енгізу және оны қолдана білу керек. Сондықтан ғылыми – техникалық дамудан қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Менің ойымша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру қазіргі таңда міндет.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://kaznmu.kz/press/2012/09/19>

Электрондық оқулық және оның құрылымы

Автор: Информатика мамандығының 3 курс студенті Ермекбаева Жансая Сейлбекқызы

Ғылыми жетекшісі: Ерсұлтанова З. С. т.ғ.кандидаты, Информатика және КТ кафедрасының оқытушысы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Қазіргі уақытта оқушыларға сапалы білім беруде компьютердің атқаратын ролі ерекше. Мұғалімнің кәсіптік деңгейі мен оқушылардың қызығушылығын арттыруда бірден – бір құрал – компьютер. Оқу үрдісінде компьютер оқып – үйрену нысаны ретінде,

сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады. Сондықтан білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын да жетілдіру керек. Мұның өзі мынадай оқу –тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

- оқу үрдісін дербестендіру. Мәселен, компьютер оқытуды нақты бір авторлық бағдарлама бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

- нақты әрекетке негізделген кері байланысты қамтамасыз етеді. Мәселен, компьютер арқылы әрбір оқушы өзінің білімін бақылауға, тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады;

- материалды меңгеру жылдамдығын арттыруға болады.

Ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқыту:

- жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;

- жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;

- жаңа ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;

- біздің еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;

- мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуальдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;

- білім берудің телекоммуникациялық желілерін құру;

Енді оқытудың ақпараттық технологияларының мәнін ашып көрсетейік.

1. Компьютерлік және ақпараттық сауаттылық. Компьютерлік сауаттылыққа электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеу білігін жатқызуға болады. Ақпараттық сауаттылық ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың негізгі ережелерін білуді көздейді.

2. Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық –әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, мұндай жаңашыл өзгерісті оқулықтардан бастауға болады. Мұнда дәстүрлі баспа оқулықтарымен қатар оқу үрдісінде электронды оқулықтарды пайдалану көзделеді.

Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жекетұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік

дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Білім беруді ақпараттандырудың жаңа бағыты – дәріс сабақтарында интерактивті тақталарды қолдану болып табылады. – ActivBoard интерактивті тақтасы мен ActivStudio программалық қамтуын оқу үрдісінде пайдалануда. Бұл бағдарламалық –техникалық кешеннің өзіне тән ерекшелігі, әмбебаптығы, интерактивтілігі, қызметінің көп жақтылығы және қолданушыға пайдалануға түсініктілігі мен интерфейсінің қарапайымдылығы. Заман талабына сай, студенттерге сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастырылады.

Электрондық оқулық және оның құрылымы

Электрондық оқулықтар ғылыми негізде дайындалған педагогикалық – ақпараттық өнім. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Бұл бағытта арнайы компьютерлік және дыбыстық, бейне аппаратуралармен жабдықталған “Электрондық оқулықтар және Web –сайттар жасау керек. Электрондық оқулықты құрастырған кезде оның мәтіндік ақпараттан гөрі графикалық ақпарат көбірек қамтылуы керек, себебі ол оқушының ақпаратты тез, әрі көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Сондықтан педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру туралы тұжырымдама, стандарт және оқу –тақырыптық жоспарларын жасақтау қажет. Аталған қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану саласы бойынша тұжырымдама, модульдік жұмыс бағдарламалары жасақталды. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес. Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұғалім араласпай –ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық –анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Жаңа ақпараттық технология құралдарын информатика пәнінің кіріктірілген сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен

әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Оқыту процесінде компьютерді қолдану мұғалім мен оқушы қарым – қатынасы жүйесін, олардың іс – әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын өзгерте отырып, түрлендіре алады және осы әрекет мүшелерінің мотивіне әсер ете отырып, олардың мотивациялық, эмоционалдық ортасына, сезімнің өсуіне әсер етеді.

Электронды оқулықтың артықшылығы неде? Технологиялар дамыған сайын оқу үрдісінде дәстүрлі оқыту мен қоса дәстүрлі емес құралдармен оқыту да кең тарауда. Соның бірі – электронды оқулық. Электронды оқулық дегеніміз – бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Оның дәстүрлі оқудан артықшылықтары көп. Электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында белгілі бір тақырыпты бірнеше рет қайталап оқуға, тыңдауға, тіпті түсінбеген сөзді бөліп, анықтама бөлімінен қарап, түсіндірмесін білуіне, оның грамматикалық жасалу жолдарын анықтауға көп көмегін тигізеді. Аталған оқулықтарда әр тақырыптағы тапсырмалар жаттығулар түрінде беріліп отырады. Ондағы жаттығулар мен тапсырмаларды орындауда өз бетінше алдыңғы тақырыптарды қайталап, кейбір сілтемелер мен анықтамаларға қайта жүгінуге мүмкіндіктер бар. Жалпы, электронды оқулықтар білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр студентті оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай калуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңі бақылауда болады. Сонымен қатар электронды оқулықтың көмегімен белгілі тақырыпқа байланысты оқушы өз ойларын микрофонның көмегімен компьютерге басып, өзін – өзі тексеріп, дұрыс сөйлеуге бейімделе алады. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Әрбір оқушы тандалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карталар және схемалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жәй түрде көрсетуге пайдалы. Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электронды оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудиохабарлар. Мысалы: құстардың дауыстарына қарай қандай құс екенін ажырата білу, жүрек қағысын байқау. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға

ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын. Электрондық оқулықтар оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушы оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр этапын бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады. Бұл оқушы үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар оқушы грамматикалық анықтамаларды оқи отырып білімін тереңдеті алады. Міне, осындай мүмкіндіктердің барлығы оқудың мотивациясын күшейтеді, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырады, оқуға деген белсенділігін арттырады, оқытудың дәстүрлі ұйымдастыру формасынан шығып, оқытуды даралауды күшейтуге көп көмегін тигізеді. Электронды оқулықта берілген мәтіндік материалдар белгілі бір қатынас жағдаяттарында қолданылатын сөйлемдерді құрайды. Сұхбаттар көлемі жағынан шағын және жеңіл жатталады. Сұхбаттық жағдаяттар қазақ тілінде бір –біріне сұрақтар қойып және жауап қайтара алуға үйретеді. Сонымен қатар берілген тақырып төңірегіндегі сөйлемдер мен әңгімелерді микрофонның көмегімен компьютерге басып, өздері тыңдап, өзін –өзі тексеруге, дұрыс сөйлеуге көмектеседі.

Электронды оқулықтар оқушылардың

- білім деңгейін тереңдетуге;
- ауызекі тілде сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға;
- өз бетінше іздену қабілетін қалыптастыруға;
- ойларын дамытуға;
- студенттердің сөздік қорының молаюына;
- тілді үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығының артуына;
- сабақта өзін еркін ұстап, өз мүмкіншілігін кеңінен пайдалана алуына;
- өз ісіне талдау жасай алуға көптен –көп көмегін тигізеді.

Электронды оқулықтың кемшіліктері неде? Автоматтандырылған оқыту жүйесінің қолданушылары мен құрастырушылары үшін пайдалы және маңызды жабдықтардың барлық қарастырылған жүйелердегі дамуының кемшіліктерін ерекше атап өтуге болады. Автоматтандырылған оқыту жүйесінде болатын мүмкіндіктер тізімін беруге болады. Қолданушылар үшін: әр түрлі деңгейдегі оқытуды ұйымдастыру – алғашқы таныстырудан материалды толығымен меңгергенге дейін. Оқыту мақсатынан шығатыны материалды беру мүмкіндігі. Тесттік тексеру нәтижесі бойынша материалдарды жинақтау. Құрастырушылар үшін: Енгізілген анықтамалардың дұрыстығын тексеру. Анықталмаған ұғымдардың тізімін қалыптастыру. Ерекшеленген ұғымдар үшін байланыс графын тұрғызу. Бұл жобада оқыту жүйелерінің құрастырушыларына қатысты барлық мүмкіндіктердің екінші бөлігі берілген. Бірақ берілген жобаның негізінде

қолданушыларға қатысты мүмкіндіктердің бөлігін таратуға болады. Алгоритмдерді құрастыру. Электронды оқулықтардың құрылымын өңдеу және ерекшелеу жүйесі HTML тілінде таратылған гипермәтіндік оқулықтарды өңдеу үшін құрылған. Алдыңғы тарауда берілген қағидалар бар.

Жүйенің негізгі функциялары. Жүйе келесі негізгі функцияларды орындайды:

1) электронды гипермәтіндік оқулық ұғымының құрылымын тұрғызу;
2) қолданушы үшін көрнекі және ыңғайлы түрде алынған құрылымды бейнелеу:

– құрылымдағы элементті іздеу;

– құрылымды қараудан оқулықты қарауға көшу мүмкіндігі;

3) алынған құрылымды өңдеу:

– құрылымдағы анықтамалардың дұрыстығын тексеру;

– алғашқы ұғымдардың тізімін ерекшелеу;

– ұғымдардың берілген жиыны бойынша ішкі құрылымды ерекшелеу.

Жүйенің құрылымын құру. Жүйе HTML тілінде жазылған гипермәтіндік электронды оқулықты өңдеу үшін арналған. HTML тілі – Web –парақтарды сипаттау тілі, сондықтан оқулықты қарау үшін Web –браузер қолданылады.

Қорыта келе айтарым, оқу үрдісінде электронды оқулықты қолданудың маңызы өте зор. Тіл үйренуші электронды оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан тілді меңгеруіне үлкен мүмкіндіктері бар. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір –бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік – жетістіктерді айтып отырсақ жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Садыбекова. Ж. «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану»
2. Ғалымжанова М «Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру»
3. Сарыбаева Ә «Электронды оқулықтарды пайдананып оқыту».
4. Қырықбаева Ж. «Электронды оқулық»././ «Қазақстан мектібі» журналы. №5 –2008
5. Қатаев Н.С. «Информатика пәнінде электронды оқулықтарды пайдаланып оқыту жолдары».

Оқытудың ақпараттық –коммуникациялық интерактивтік технологиялары – жеке тұлғаның ақпараттық –коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру негізі

Автор: Абжанова Таңшолпан Қадырқызы